

Торайғыров университеті
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университет

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OSUK8330>

М. Б. Түсіпбаева

Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ӘЙЕЛ ТАБИҒАТЫНА ҚАТЫСТЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ

Мақалада эстетикалық санаттардың Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы сипаты сөз болады. Тақырып жақсы мен жаманды салыстыру арқылы зерделенеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында аталған эстетикалық құндылықтардың Шал ақын, Абай Құнанбаев жырларымен үндестігі талданады. Әйелдің күнделікті тұрмыстағы болмыс-бейнесі, жүріс-тұрысы, киім киісінің әдеби шығарма бойына өрілуі қазақы ұғым, пәлсапа тұрғысында қарастырылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «жақсы әйел» мен «жаман әйел» деген анықтамасы әйел адамның екі түрінің сипат екендігі пайымдалып, осы екі санаттың ақын өлеңде шеңберінде талдануы сирек. Бұл тұрғыдан алғанда, ұсынылған мақала қазақ эстетика ғылымының дамуына қосылған аз да болса үлес деуге болады. Сонымен қатар, мақалада рухани жаңғырудың эстетикалық құндылықтармен байланысы сөз болады. Мәшһүртану ғылымы барыниша дамып келе жатқанымен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұраларындағы тәрбие жасаушыларының қазақ эстетикасы ғылымының бөлшегі ретінде қарастырылуы сирек. Ақын шығармаларындағы әйел бейнесі эстетикалық құндылықтарға толы.

Жақсы әйелдің жанында жүретін қонақжайлық, ырыс-береке, татулық, сабырлық, имандылық, ұқыптылық, еңбекқорлық – мұның бәрі – қазақ әйеліне тән құндылық санаттар. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларын қазақ ұлттық педагогикасы, оның ішінде эстетика санатының нысаны ретінде қарастырып, шығармалардағы әйел бейнесін эстетикалық санаттарға топтастырып қараудың өзі – Мәшһүртанудағы жаңашылдық.

Кілтті сөздер: эстетика, санат, құндылық, жақсы, жаман, рухани жаңғыру.

Кіріспе

Қазақ этнопедагогикасында және қыз балаларға эстетикалық тәрбие берудің күнделікті тәжірибесінде педагогикалық ықпал етудің түрлі тәсілдері қолданылды және қазір де аз қолданылмайды.

С. Ұзақбаева қазақтың халықтық педагогикасында болмысқа эстетикалық көзқарасты, эстетикалық талғамдарды қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді бай әдеби және музыкалық мәдениетке тарту құралдарының сан алуандығына тоқталады. Халық ауыз әдебиетінің түрлі жанрлары да, ұлттық әдет-ғұрыптар да, қазақ отбасының ішкі қарым-қатынастары да, халықтың қолданбалы өнері де, ұлттық ойындар да соның айғағы болып табылады.

Зерттеудің нысаны: Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары.

Зерттеудің пәні: Қазақ эстетикасы.

Мақсаты: Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларының эстетикалық тұрғыда қарастырылуы сирек. Сол себепті Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларын қазақ ұлттық педагогикасы, оның ішінде эстетика санатының нысаны ретінде қарастырып, шығармалардағы әйел бейнесін эстетикалық санаттарға топтастырып қарадық. Шығармалардағы әйел тақырыбына қатысты эстетикалық ойларды қазақ педагогикасы мен эстетикасында ғылыми айналымға енгізуді мақсат тұттық.

Міндеттері:

– ақын шығармаларын Шал ақын және басқа авторлар мұраларымен салыстыру;

– шығармадағы тәрбиеге қаысты ойларды эстетикалық санаттарға жіктеу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Отбасында қыз балаларға эстетикалық тәрбие беру үшін қазақтарда ғасырлар бойы қалыптасқан үй-іші қатынастарының елеулі маңызы болды. Сонымен қатар, табиғаттағы әсемдікті көріп, сезіне білу қыздардың өмірлік тәжірибесін байытып, олардың эстетикалық талғамын дамытты.

Эстетикалық тәрбиенің қалыптасып, дамуына қазақтың халық ауыз әдебиетіндегі поэтикалық және музыкалық шығармашылығы (мақал-мәтелдер, ертегі, аңыз-өңгімелер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, эпос, жыр, терме, айтыс, ән-күйлер) орасан үлкен рөл атқарды және бүгінгі күнге дейін атқарып та келеді. Ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп келген оның таңдамалы үлгілері өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралына айналды. Халықтың көркемдік шығармашылығының бұл түрлерінің ішінде XVIII–XIX ғасырлардағы ақын-жырраулардың шығармашылығының да орны ерекше.

Сонымен, С. Ұзақбаеваның айтуынша, қазақтар өмірінде балаларды эстетикалық тәрбиелеуге жәрдемдесін белгілі бір дәстүрлер қалыптасқан. Осы дәстүрлердің әрқайсысы тәрбиенің педагогикасындағы жеткіншектер мен жастарға эстетикалық тәрбие берудің тамыры тереңде жатыр, оның өзіне тән біртұтас жүйесі, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдары қалыптасқан деген тұжырым жасауға негіз береді [1, 16 б.].

Қазақ ғалымдары ішінде әдебиет пәнінің балалар мен жасөспірімдердің эстетикалық тәрбиесіне әсерін жан-жақты қарастырған Ш. Әлібеков болды. Автор өз еңбегінде қазақ әдебиетінің үлгілері арқылы халықтың әсемдік, сұлулық жайындағы ойларын ашуға тырысқан. Халық мұрасы өзінің әсем сырымен, өмірлік тәжірибелік қазынасымен «қазіргі заман өнерімен үндесіп, оның сонылығын, эстетикалық бағалылығын айқындай түсуге көмектеседі» деп айтқан Ш. Әлібеков «қазақ фольклорының эстетикасын халық өнерінің алуан түрімен қатар алып зерттеу оның мазмұн байлығын, суреттеу тәсілінің молдығын, эстетикалық бағалылығын арттырады, халық шығармашылығының барлық саласы – поэзия, музыка, қол өнері, пластика, сәулет өнері сияқты түрлерінің көркемдік жолының бір екендігін, өзара тығыз байланыста өсіп қалыптасқандығын танытады дейді» [2, 126 б.]. Оның бұл пікірін талдай отырып, С. Ұзақбаева эстетикалық тәрбие беруде оларды (халық шығармашылығының салаларын) педагогикалық тұрғыда кешенді салыстырмалы талдау қажет еместігі жөнінде уәж айтады [1, 32 б.]. Сондықтан Ш. Әлібековтің «эстетикалық зерттеуде бір ғана өнердің түрі сөз болса, онда ол нағыз эстетикалық зерттеу дәрежесіне көтеріле алмайды» деген пікірімен толық қосылуға болмайтындығын айтады. Бұл пікірге біз де қосыламыз, себебі өз зерттеуімізге XIX–XX ғасырларда өмір сүрген ақын, фольклортанушы Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы әйел табиғатына қатысты эстетикалық ойлардың маңызын талдауды мақсат ете отырып, өнердің, әдебиеттің әр саласы дербес түрде зерттеу пәні бола алатынына сеніміміз мол.

Жоғарыда көрсетілген авторлардан басқа, эстетикалық және көркемдік тәрбиелеу мәселелерін өз диссертациялық зерттеу жұмысында А. Қамақов қарастырды [3].

Қазақтардың көркемдік мұрасы жөнінде біраз зерттеулер жүргізіліп, нәтижелері жарық көрді. Мысалы, осы тақырып төңірегінде тарихшы-әдебиетші Ө. Марғұланнның, археолог К. Ақышектің, тарихшы Х. Арғынбаевтың [4] және мәдениеттанушы Н. Нұрмұхамбетовтардың еңбектері ерекше.

Қазақ қыздарының эстетикалық мәдениетін ұлттық өнер, әдебиет арқылы қалыптастыру білімдік көзқарастар қорын айтарлықтай молайтып,

қазақ халқының өмір салтына, дәстүрлеріне және ежелгі тәжірибесіне деген қызығушылықты қалыптастырады. Ұлттық өнер, халық ауыз әдебиеті мазмұнында қоршаған дүниенің көркемдік бейнелерінің, әсіресе, қыз бала үшін тартымды образдардың орасан зор көлемді материалдары бар.

Бүгінгі жаһандану заманында қазақ қоғамы өзінің жоғалтқан қазынасын бұрынғы өткен бабалар сөзінен іздеуі тиіс. Талап пен талғам уақыт ағымына қарай түбегейлі өзгеріске ұшыраған құбылмалы кезеңде бізге бұрынғы өткен көнелердің сөзі, тұрмыс, тіршілігі бағдаршам бола алады.

Жазып кеткен әр сөзі шамшырағымызға айналған Мәшһүр Жүсіп бабамыздың «Жақсы әйел» өлеңі көз алдымызға түрлі көріністі әкеледі.

«Жалғанның жарастығы жақсы ұрғашы,

Қиылып маңдайында көз бен қасы.

Бір талы нама харамға көрінбес пе,

Астында жаулығының тұрса шашы.

Сүмбіл шаш күнде жуып, талдап өрген» [5, 28 б.].

Бір ғана шумаққа әйел затының «бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін» қасиеті сыйып тұр. «Жалғанның жарастығы» – әйел затының сипатын ашатын тамаша теңеу. Шынымен де, әйел заты дүниеге ұрпақ әкелмесе, ошақ отын лаулатпаса, жалғанның көркі, жарасымы болар ма еді?! Байқасақ, бұл теңеу жақсы әйел туралы.

Бұл шумақта біздің назарымызды аударғаны – әйелдің шашы, киімі туралы ойлар. «Астында жаулығының тұрса шашы» дейді Мәшһүр Жүсіп. Өкінішке қарай, бұл күнде орамал, жаулық ұғымдарын мансұқтап, араб ұлтының хиджабына мойын бүрғандар көп. Ал халқымыздың көне қазынасы, тәрбие мен тазалық кұралы жаулық болғанына өлең жолдары айғақ.

Бабамыздың «Сүмбіл шаш күнде жуып, талдап өрген» деген ойлары қазақ қызының бойындағы тазалық, шаш күтімі жайлы анықтама іспетті. Бұл шумақ Абай Құнанбаевтың «Білектей арқасында өрген бұрым» деген өлең жолдарымен үндес.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі қазақ әйелдері шаш туралы ұлттық пәлсападан жырақтады. Қыздар да, келіндер де ұзындығына, қалыңдығына қарамастан, шаштарын жайып жүруді сөнге айналдырды. Ертеде қыздар бұрымдарына шолпы таққан. Шолпының сыңғыры арқылы былайғы жұрт қыз баланың мінез-құлқын байқаған. Бір шолпы мен шашбаудың өзі тәрбие кұралы болған.

Шаш, бір жағынан, әйелдің ішкі күш-қуатының деңгейін көрсететін өлшеуіш. Шашы ұзын әйел салмақты, сабырлы болады деген де түсінік бар.

Әйел үшін бұрым аккумулятор сияқты рөл ойнаған. Шаш ұзын болған сайын, оның иесі ақылды, көреген, күш-қуаты көп болған. Оның адамгершілігі мол, мейірімі мен нәзіктігі басым болған.

Тұрмысқа шыққан әйелдің шашы екіге жарылып, қос бұрым болып өрілген. Яғни, ендігі жерде әйелдің күші екіге қақ жарылған. Енді ол әрі әйел, әрі ана ретінде күш жұмсайды. Оның рухани күші тек өзіне ғана емес, отбасына, күйеуі мен балаларына да жұмсалады.

Әйел заты шашқа аса ұқыптылықпен, сақтықпен қараған. Шаш Тәңірдің сыйы екенін түйсінген. Тіпті кей кездері ауырған баласын да шаштың күшімен емдеген.

Шашты жаулық астына жасырудың бір сыры бойды өте нәзік энергетика деңгейінде сақтап, қорғау мақсатында. Қайғы-қасірет пен жаманшылықты солай қуған. Себебі оның бәрі шаштың ұшына жабысып, үйге кіруі мүмкін деген ырым болған. Ал жайылған шаш күш-қуатты бекер ысырап ету болып саналса, бір жағынан ертеде қаралы әйелдер ғана шашын жайып жүрген. Жалпы, қазақ үшін шаш жайып жүру – жаман ырым.

Жалпы, қазақы эстетикалық тәрбие шетелдерден келген идеологиялық «басқыншылық» пен өнердегі «жасандылық», жастар арасына дендеп еніп келе жатқан бағасыз талғам, көркемдікті тани алмайтын көзқарасқа қарсы сезім қауқарын күшейтіп, сана қуатын арттыруға бағытталуы тиіс. Осыған орай қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттері, ғалымдардың айтуынша, біріншіден, эстетикалық сана мен сезімін, эстетикалық қабылдауын ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу; екіншіден, эстетикалық ұғымдар, түсініктер мен эстетикалық ойлауы мен бағалауын қалыптастыру және, үшіншіден, эстетикалық іс-әрекетке бағыттау болуы тиіс.

Мәшһүр бабамыздың осы мақсатымызды тап басатын әйел туралы ойларын жалғастырсақ:

«Қолында Құдай берген ырзық мол боп,

Мейманның қошеметін тәуір көрген» дейді.

Қазақ халқында қонақжайлық әйел үшін ерекше қасиет болып саналады. Қонақжай адамның ырзығы мол. «Қонақ келсе – құт» дейді қазақ. Сонымен қатар, «ырзық» деген сөз молшылық, береке-ырысты білдіреді. Ал ырзық қай кезде болады? Отбасында бірлік пен татулық, еңбекқорлық, үнемшілдік, ұқыптылық болғанда ғана. Осының бәрі – әйел үшін аса қажет сипаттар. Ойлап қарасақ, отбасында молшылық пен береке болмаса, қолдағы барың қара басыңнан аспай жатса, қонақжайлыққа орын болмайды. Бабамыздың бір ауыз сөзінде әйелдің отбасындағы болмысының сан қыры жатыр:

Киімін шаң мен топырақ, қылмайды кір – тазалық; Болады қызыл алма, жүзінде нұр – әсемдік; Ерiнiң сүйген досын дос көрумен – ерiне құрметi;

Жүзінен әр шаруаның береді сыр – жан-жақтылығы; Биязы сөзі жатық, майда болар – мінез-құлық сұлулығы;

Кеудесі – көңілі зерек-айна болар – көзі мен көкірегінің ашықтығы; Асылдың асыл затын тануменен – көрегендігі; Өзінде жақсы құлық пайда болар – тәлімпаздығы;

Ыдысы таза болар, кіршік тұтпай, Сілкеді төсек орнын шаң жуытпай, Ұрғашы бұл сияқты жоба білсе, Шаруаны реттеп ұстар, тіпті ұмытпай. Орамал, аяқ-табақ жерде жатпас, Жүн-жұрқа, көлденен шөп төрде жатпас, Асына жалғыз қылшық түспейді екен – тазалығы мен шаруақорлығы. Ас ұрттап, бисмилласыз ішпейді екен – имандылығы;

Аяғын қоңыр қаздай басар аңдап – қимылының ұқыптылығы; Алады туысқан ғып елдің бәрін – қарым-қатынас әсемдігі; «Қарағым», «шырағым» – деп, кіші болса, Құрытар тәтті тілмен ынтызарын – сөйлеу эстетикасы; Баласын жаман сөзбен қарғамайды – сөз құдіретін бағалай алатындығы; Жібекті жүнге ап келіп жалғамайды – талғампаздығы.

Жалпы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Жақсы әйел» өлеңін нағыз қазақ әйелінің формуласы десек, қателеспейміз. Ақын жақсы әйелді «Жұмағы бұл дүниенің» деп атайды. Яғни, жаныңда жақсы әйел болса, жұмақта жүргендей боласың.

Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп бабамыз «Бай күтпек бәрінде де – артық ғылым» деген ой айтады. Отағасының көңілінен шыға білудің өзін бір ғылымға теңейді. «Есіктегі бастарын төрге сүйреп» деген тармақта жақсы әйелдің жарының өсіп-өркендеуіне себепкер екендігі айтылады.

Жақсы әйелді жалғанның жарастығына теңеген ақын:

«Дүниенің ол тозағы - жаман қатын, Жаман қатын шығармас ердің атын.

Он екіде бір нұсқаң келмеген соң, Дүниенің көре алмайсың аз рақатын» деп, жақсы әйелге қарама-қарсы бейнені сомдайды. Тозақ дегеннің адам баласы үшін ең қорқынышты ұғым екенін ескерсек, ақын жаман әйелге теңеуді дәл тапқан.

Мәшһүр Жүсіп әйелдің бейнесі төңірегіндегі өнегелі ой-толғамдарын «Ұқыпты әйел» өлеңінде өрнектеп кеткен.

Бабамыз бұл өлеңінде адам өмірінің мән-мағынасын үш нәрсе аясында қарастырған:

«Дүниенің ең артығы жалғандағы – Нәрсесі үш-ақ түрлі деп айтыпты».

Біреуі – жақсы болсын жатар орның, Түзеп бақ үй-жайыңды күні бұрын».

Осы өлең шумағы адам өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің маңызы жатар орнынан, «өз үйі – өлең төсегінен» басталатынын айғақтайды. Қазақта Жиренше шешен айтты деген «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз

үйім» деген сөз бар. Адам баласының тұрмысы жақсы болуы өзінің еңбекқорлығынан, мал тапқыштығынан. Жалқау жанның үй-жайы өсте түзу болмасы анық.

«Екінші – тәтті (тәтті) болсын ішер асың,

Ұмтылып, шауып тұрсын ықыласың» [6; 120 б.] дейді одан соң ақын.

Бұл қазақтың «Ас – адамның арқауы» деген нақылымен астасады. Ас – адамзаттың тіршілік етуі үшін ең бірінші қажеттіліктің бірі ғана емес, саулыққа керекті нәрсе.

Үшіншісі – осы екеудің көркін кіргізетін иманды, ақылды жар.

«Шай самауыр ләззат тағам ішкен шақта, Отырса қасыңызда сұхбаттасып. Алған жарың осылай болса керек, Ғылым, білім, өнерлі, болса зерек. Ерлерін сондай қатын тәрбиелесе, Жалғанның азы-көбі неге керек?!».

Осы өлеңдегі «сұхбаттасып» деген сөздің өзінің астарында үлкен мағына жатыр. Адамның отбасылық өмірінде жарасымдылық болуы үшін алған жары өзімен әңгіме жарастыруға лайық болуы тиіс. Бұл тақырыпқа ақын Мұхтар Шаханов та өзінің «Жұбайлар бар әңгімесі таусылған» деген шығармасында тоқталған [7; 100 б.]. Атам қазақ көп мағынаны аз сөзге сыйдырып, «Тең – теңімен, тезек – қабымен» деп қысқа қайырған.

Жалпы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жақсы әйел және оған қарама-қарсы адам – жаман әйелді сипаттауы ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Шал ақын шығармашылығын еске түсіреді [8].

Шал ақын да жақсы әйел мен жаман әйелдің болмысын өз шығармаларында салыстырмалы бейнеде жырлаған:

Жақсы әйел:

«Жақсы қатын алғанның тойы үйінде»; «Жақсы қатын шығарар ердің атын»;

«Жақсы сол – ерін күліп шаттандырса»; «Ері жоқта күйзелтпей шаруасын»;

Сапардан келген ерін «жылы жүзбен қарсы алып, қолын алса»; «Алғаның жақсы болса – қара жердей»; «Жақсыменен сырлассаң – шыққан өрдей»; «Алғаның жақсы болса қорғандай»; «Астында жылжып жүрген жорғандай»; «Көшкенде жақсы қатын атша желер»; «Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды, өз байынан басқаны ұнатпайды»;

«Үйіне мейман түссе, хош келдің деп»; «Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас»;

«Жақсы әйел дәулетіне жөн келтірер»; «Келінде де келін бар – сара келін»; «Кез келгенге түсіріп құрмет еткен, Анамыздай болмай ма мына келін»; «Жігіттің алған жары жақсы болса, жұмақтағы хормен тең; «Жігіттің алған жері жақсы болса, Иманыңнан басқасы жақын».

Жаман әйел:

«Жаман қатын алғанның жауы үйінде»; «Жаман қатын алғанның соры үйінде»;

«Салақ әйел ауы да болар тесік»; «Еріне қалдырады жаман атын»; «Өтпес пышақ, шабан ат, жаман қатын Аң алмаған күйшіл құс – бәрі бірдей»; «Жаман болса, қайтесің сормандайды»; «Жаман қатын байының сөзін бөлер»; «Ауыл үйін тіккенде көші келер»; «Жаман әйел байымен ұрсысады»; «Мейман келсе, қабағы тырысады»;

«Әйелің долы болса, күнде өлтірер»; «Жауыз қатын қабаған ит сияқты»; «Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас»; «Жұрт сыйлаған басымды күлге тенеп»; «Кей келін – ас бермейтін қара келін» «Жігіттің алған жары жаман болса, мандайға біткен сормен тен»; «Жігіттің алған жары жаман болса, Қаншық иттей тақымдар кәпір».

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы әйел бейнесін зерттеуге ақынның шөбересі Әсет Пазылов ден қойып жүр. Өзінің «Мәшһүр Жүсіп, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаммед Әмен шығармаларындағы әйел бейнесі» атты зерттеу еңбегінде Оның: «Мәшһүр Жүсіп халықтың қараңғылықтан шыға алмай жүргенін, шала сауатты молдалардың мал таппақ әрекетінен және ескілікті аңсаған байлардың сарандығынан екенін түсінгендіктен, «Жаман әйел туралы», «Жақсы әйел», «Әйелдер туралы», «Ұқыпты әйел», «Момынның әйеліне шығарғаны» деген сын үлгісінде жазылған өлеңдерін қыз мәселесіне арнаған» деп, әйел бейнесін әлеуметтік ахуалмен де байланыстырып өтуі де эстетикалық санаттардың әлеуметтік ахуалмен астарланатынын аңғартады [9].

Тәрбие беру ісінде қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған бай мұрасы қалыптасқан. Сол баға жетпес мұраның бір бөлшегі ретінде біз өз зерттеу жұмысымызда Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы эстетикалық тәрбиеге қатысты ой-пікірлерді сөз еттік. Мұндағы мақсатымыз – ақын мұраларындағы эстетикалық тәрбие идеяларын ғылыми-теориялық жағынан дәлелдеп, оларды бүгінгі оқу-тәрбие жұмыстарына ендірудегі маңызын ашып көрсету. Тәрбие туралы Әл-Фараби бабамыз «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі, – деген еді. Ал ұлттық педагогика ғылымының іргетасын қалайтын ақын-жыраулар поэзиясы осы тәрбие мен білім, ғылым, ондағы адамның орны жайлы келелі пікірлерге толы.

Ақын шығармаларын зерттеу барысында ғылыми жүйелеу, сипаттамалық әдістер кеңінен қолданылды. Зерттеу нәтижесі: ақынның әйел табиғатына қатысты сипаттамалары эстетикалық санаттарға топтастырылды.

Қорытынды

Жалпы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы әйел бейнесі эстетикалық құндылықтарға толы. Жақсы әйелдің жанында жүретін

қонақжайлық, ырыс-береке, татулық, сабырлылық, имандылық, ұқыптылық, еңбекқорлық – мұның бәрі – қазақ әйеліне тән құндылық санаттар.

Өкінішке қарай, жаһандану заманында осы құндылықтар ортайып, қоғамда әдемі қарым-қатынас азайды, адамдардың өмірін асығыстық жайлады. Рухани байлықты материалдық байлық алмастырды. Соның нәтижесінде қазақ әйелінің бойындағы жақсы қасиеттер сирек дүниеге айналды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында елді ұлттық рух пен ұлттық сананы жаңғыртуға, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға шақырды [10]. Дәстүр мен мәдениет ұлттың генетикалық коды екендігін айтты. Осы мақалада аталған генетикалық кодтың негізгі сақтаушылары қазақ әйелдері, аналары болып табылады. Ұлттық қасиеттің сақталуы алдымен ананың балаға берген тәрбиесіне байланысты. Ол қасиеттер сипаты Мәшһүр Жүсіптей бабалар қалдырған асыл сөзде жатыр.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Ұзақбаева, С.** Тамыры терең тәрбие. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы : Білім, 1995. – 232 б.

2 **Әлібеков, Ш.** Қазақ фольклористикасының эстетикасы. – Алматы, 1991.

3 **Қамақов, А.** Халықтың көркемдік дәстүрлерін бейнелеу өнері арқылы игерудің педагогикалық мәселелері // Халық педагогикасы мен психологиясы әсерінің оқу – тәрбие ісінде қолданылуы : Ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 1992. – Б. 53–54.

4 **Арғынбаев, Х.** Қазақ халқының өнері. – Алматы, 1988.

5 **Мәшһүр Жүсіп Көпеев.** Таңдамалы. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. – 1990 ж.

6 **Шалғымбаева, Ж.** «Қыспақ көрген кітаптар» // «Мәдениет». – № 13. – 1993. – 5.

7 **Шаханов, М.** Дәуір дастандары. – Алматы : «Жалын», 1980. – 165 б.

8 Мәшһүр Жүсіп шығармалары. – Павлодар : «ЭКО». – 2004 жыл.

9 **Пазылов, Ә.** «Мәшһүр Жүсіп, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаммед Әмен шығармаларындағы әйел бейнесі» [Электронды ресурc]. – <https://abai.kz/post/8258>.

10 **Назарбаев, Н.** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [Электронды ресурc]. – https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy.

References

1 **Uzaqbaeva, S.** Tamyry tereń tárbie [Deeply rooted upbringing : Textbook for university students]. – Almaty : Prossveeshenie, 1995. – 232 p.

2 **Álibekov Sh.** Qazaq fólkloristikasynyń estetıkasy [Aesthetics of Kazakh folklore]. – Almaty, 1991.

3. **Qamaqov, A.** Halyqtyń kórkemdik dástúrlerin bebeleý óneri arqyly igerýdiń pedagogikalyq máseleleri [Pedagogical problems of mastering the artistic traditions of the people through the fine arts]. In Application of the influence of folk pedagogy and psychology in educational work : Materials of the scientific-practical conference. – Almaty, 1992. – P. 53–54.

4 **Argynbaev H.** Qazaq halqynyń óneri [Argynbaev Kh. The art of the Kazakh people]. – Almaty, 1988.

5 **Máshhúr Júsip Kópeev.** Tańdamaly. [The famous Jusup Kopeev. At will] Nauka Publishing House of the Kazakh SSR, 1990.

6 **Shalǵymbaeva J.** «Qyspaq kórgen kitapta» [Books that survived]. /In «Culture». – № 13. – 1993. – 5.

7 **Shahanov, M.** Dáýir dastandary [Epics of epochs]. – Almaty : Flame. – 1980. – 165 p.

8 **Máshhúr Júsip shyǵarmalary** [The works of the famous Joseph]. – Pavlodar : «ECO», 2004.

9 **Pazylov Á.** «Máshhúr Júsip, Júsipbek Aimaýytov, Muhammed Ámen shyǵarmalaryndaǵy áiel beinesi» [The image of a woman in the works of Mashhur Zhusup, Zhusupbek Aimautov, Muhammad Amen] [Electronic resource]. – <https://abai.kz/post/8258>.

10 **Nazarbaev, N.** «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyry» [Orientation to the future: spiritual revival] [Electronic resource]. – https://www.akorda.kz/events/akorda_news/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

М. Б. Тусунбаева

Эстетические мысли Машхур Жусупа Копеева о женской природе

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 30.09.20.

M. B. Tussupbaeva

Aesthetic thoughts of Mashkhur Zhusup Kopeev

Kurmangazy Kazakh National Conservatory,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 30.09.20.

В статье рассматривается природа эстетических категорий в творчестве Маишхур Жусупа Копеева. Тема раскрыта путем сравнения и сопоставления двух категорий эстетики как прекрасное и безобразное. Эстетические ценности, отмеченные в произведениях Маишхур Жусупа Копеева, находят свое гармоничное сочетание и созвучие, с поэтическими образами воспетыми Шал акыном и Абаем. Также, следует отметить, что в произведениях Маишхур Жусупа Копеева – образ и облик казахской женщины, ее умение одеваться, манера поведения рассматривается с философской точки зрения. Несмотря на развитие Маишхуроведения, шедевры в наследии Маишхура Жусупа Копеева редко рассматриваются как часть науки казахской эстетики. Образ женщины в творчестве поэта полон эстетических ценностей. Гостеприимство, достаток, мир, толерантность, нравственность, аккуратность, трудолюбие – качества, которые сопровождают идеальную женщину – все это ценности казахской женщины.

Новишеством в Маишхуроведении является рассмотрение произведений Маишхура Жусупа Копеева как формы казахской национальной педагогики, в том числе категорий эстетики. Наряду с этим, в статье раскрыта взаимосвязь эстетических ценностей и духовного возрождения личности. Учитывая вышеуказанные особенности изложенного материала в целом, можно отметить определенный вклад данной статьи в становление и развитие эстетической культуры личности.

Ключевые слова: эстетика, классификация, ценности, прекрасное, безобразное, духовное возрождение.

The article examines the nature of aesthetic categories in the work of Mashhur Zhusup Kopeev. The topic is disseminated by comparing and contrasting the two categories of aesthetics as beautiful and ugly. The aesthetic values noted in the works of Mashhur Zhusup Kopeev find their harmonious combination and consonance with the poetic images sung by Shalakyyn and Abai. Also, it should be noted that in the works of Mashkhur

Zhusup Kopeev – the image and appearance of a Kazakh woman, her ability to dress, her demeanor is considered from a philosophical point of view. Despite the development of Mashkhurology, the masterpieces in the heritage of Mashhur Zhusup Kopeev are rarely considered as part of the science of Kazakh aesthetics. The image of a woman in the poet's work is full of aesthetic values. Hospitality, prosperity, peace, tolerance, morality, accuracy, diligence – qualities that accompany an ideal woman – all these are the values of a Kazakh woman.

An innovation in Mashkhur studies is the consideration of the works of Mashkhur Zhusup Kopeev as a form of Kazakh national pedagogy, including the categories of aesthetics. Along with this, the article reveals the relationship between aesthetic values and the spiritual revival of the individual. Taking into account the above-mentioned features of the stated material as a whole, one can note a certain contribution of this article to the formation and development of the aesthetic culture of the individual.

Keywords: aesthetics, classification, values, beautiful, ugly, spiritual rebirth.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz